

Ұсыныстар

COM/ENR/REC/001/FINAL

ТӨРТІНШІ ОТЫРЫС
ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРІЛГЕН ОРГАНИЗМДЕР
«ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРІЛГЕН ОРГАНИЗМДЕРДІҢ
ӨРІСТЕУІНІҢ ӘСЕРІ»

Парламенттік ассамблея:

ГТО және құрамында ГТО бар өнімдердің әлемдік азық-түлік мәселесін шешудегі маңызды рөлін **есепке алып**;

Құрамында ГТО бар өнімдердің адам денсаулығына, биологиялық әртүрлілік пен қоршаған ортаға келтіретін қолайсыз әсері бойынша алаңдаушылықты **ескере отырып**;

ГТО трансшекаралық жылжуын реттейтін Биологиялық қауіпсіздік бойынша Картахен хаттамасы қабылданған Биологиялық алуан түрлілік конвенциясын (БТАК) **атап өтіп**;

ГТО бойынша ТүркПА қатысушы елдерінде өткізілетін жұмыс мәжілістерді, семинарларды, форумдарды және басқа іс-шараларды **қолдан**;

Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының қолдауымен ТҮРКПА Стамбулда 2018 жылғы 16-18 сәуірде өткізген генетикалық түрлендірілген организмдер саласындағы заңнама мен оны жүзеге асыру **мәселелері** туралы жұмыс мәжілісінің маңызды рөлін атап өтіп;

Құрамдарында ГТО бар өнімдерді өсіру, өндіру, импорттау және сатуды бақылау мақсатында ТҮРКПА қатысушы елдері арасындағы ынтымақтастықтың қажеттілігінің болуын **жетте түсініп**,

Келесі сұрақтар бойынша келісімге келді:

- а) биологиялық қауіпсіздікті реттеудің сенімді, ғылыми негізделген және ашық жүйелерін **қабылдау**;

- b) биотехнологияны ауыл шаруашылықтың даму стратегиясының ажырамас құрауышы ретінде *тану*;
- c) биологиялық алуан түрлілікті және биологиялық қауіпсіздікті сақтау бойынша жігерді *нығайту және үйлестіру*;
- d) қалыптасқан ортамен және адам қауіпсіздігімен байланысты ГТ-объектілер үшін реттеуші нормаларды *жеңілдету*;
- e) әртүрлі ұлттық құзыретті органдарда, бұл қажет болған орында және уақытта, биологиялық қауіпсіздік саласындағы саясатты *келісіп шешу*;
- f) биологиялық қауіпсіздікпен, әсіресе өңірлік маңызды көзқарастан, байланысты мәселелер бойынша зерттеулердің деректерін *жасап шығару*;
- g) Мектеп бағдарламаларына ауыл шаруашылығы мен биотехнология бойынша курстарды енгізу және тиісті оқу-әдістемелік оқулықтарды *азірлеу*;
- h) Тек қана биотехнология саласында емес, сонымен қатар байланысты ғылымдар ғалымдарын және оларды коммуникативтік дағдыларға *үйрету*;
- i) Биотехнологияның және биологиялық қауіпсіздіктің дамуы туралы көрнекі мысалдарды, күйлері туралы есептемелерді және ақпараттық веб-жүйелерді *азірлеу*;
- j) Ғалымдар, азаматтық қоға ұйымдары, фермерлік шаруашылықтар мен тұтынушылар топтары арасында диалогтарды *ұйымдастыру*;
- k) ГТО-мен байланысты тәуекелдерді бағалау және басқару бойынша ынтымақтасу және хаттамаларды өңірлік/субөңірлік деңгейде келісіп *шығару*;
- l) Биотехнология, биологиялық қауіпсіздіктің дамуы мәселелері мен зияткерлік меншік мәселелері бойынша өңірлік/субөңірлік ақпараттық орталықтарды *құру*;
- m) Кейбір бар ұлттық мекемелерді әлеуетті тұрақты арттыру үшін арналған өңірлік орталықтар ретінде *бекіту*;
- n) осы мәселе бойынша тиімді өңірлік және қатысушы елдер арасындағы екі жақты ынтымақтастықтың кеңеюіне бағытталған *жұмысты жүргізу*;
- o) ГТО саласында ТҮРКПА қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастықтың басымдықтарын *анықтау*.